

«БЕКІТЕМІН»
Шымкент қаласы
Денсаулық сақтау басқармасы
«Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы»
МКҚК бас дәрігері
Б.А. Ережепов
«05» 01 2026 г.



Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының
«Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

Шымкент
2026 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі - *Саясат*) Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКҚК-да (бұдан әрі - *Аурухана*) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және Аурухана басшылығының, қызметкерлерінің және Аурухана атынан әрекет ете алатын өзге де тұлғалардың қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауға бағытталған басты қағидаттары мен талаптарын айқындайтын құжат болып табылады.

1.2. Аурухананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын әзірлеу мен іске асырудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ Аурухананың Жарғысы құрайды.

1.3. Саясат «сыбайлас жемқорлық», «сыбайлас жемқорлық әрекеттері», «сыбайлас жемқорлық қызметі», әдетте, пара беру немесе алу, пара беру немесе алу делдалдығы, қызмет бабын немесе өкілеттіктерін теріс пайдалану, рәсімділікті оңайлату үшін төлемдер алу, пайда табу үшін ақша, сыйлық, құндылықтар, өзге де мүлік, қызметтер түрінде лауазымды адамның өз жағдайын заңсыз пайдалануы, өзі немесе өзге адамдар үшін заңсыз пайда табу немесе сол тұлғаның өзгеге құқықтарды заңсыз беруі ескере отырылып тұжырымдалады.

2. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаттары:

- Аурухана қызметкерлерінің лауазымына, саласына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қатысу қауіпін азайту, болдырмау;
- Аурухана қызметкерлері қолдана алатын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;
- Аурухана қызметкерлеріне осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен қолданылатын негізгі нормаларын орнату;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, Аурухана қызметіне сенім арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға Аурухана қызметкерлерін жұмылдыру;

- Аурухана қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясат талаптарын сақтамаған жағдайдағы жауапкершілікті түсіндіру;

- Аурухананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидаттарын айқындау.

2.2. Аурухананың міндеттері:

- Аурухана сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатты іске асыруға жауапты лауазымды тұлғаларды бекіту;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылатын тізбесін белгілеу;

- Аурухана қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілеу;

- Аурухана қызметкерлері өз қызметтерін жоғарғы этикалық стандартты сақтай отырып, ашық және әділ атқаруға, іскерлік беделін сақтау;

- барлық қызметкерлер осы Саясатты басшылыққа ала отырып, Саясаттың қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз орындау;

- Аурухананың мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) жасауға қатысудан қалыс калу;

- Саясаттың қағидаттары мен талаптарын жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға;

- барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ат салысуға.

3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Аурухананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- Саясаттың қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі;

- іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және денсаулық сақтау саласында қолданылатын өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігі;

- Аурухана басшылығы өзінің мінез-құлқымен үлгі болып, барлық деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне қарсы этикалық стандартын қалыптастыру;

- Медициналық қызметкерлер құрамы мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға жұмылдыру, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы;

- нөлдік толеранттылық қағидатын ұстану, сыбайлас жемқорлықты кез-келген нысанда және көріністе қабылдамау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, Аурухананың тұтастай қызметіне және оның бөлімшелеріне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауды және бағалауды мерзімді негізде жүзеге асыру;
- ашықтық, Ауруханада жүргізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы қызметкерлер мен мүдделі тараптарды хабардар ету;
- Аурухана қызметкерлері атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттеріне қарамастан, өз міндеттерін орындау барысында сыбайлас жемқорлыққа жол берген жағдайда, жазаның бұлтартпастығы.

4. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мақсатында Аурухана қызметкерлері міндетті:

- туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау ықтималдығы туралы ақпаратты білген бойда ашу;
- мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;
- функционалдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының қаупін азайту.

5. КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕР ҚЫЗМЕТІ

Комплаенс-офицер қызметі Аурухана қызметкерлерінің және өзге үшінші тұлғалардың, оның ішінде контрагенттердің және/немесе оларға қатысты сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасау ниеті немесе фактілері туралы ақпаратты беруге арналған, оның ішінде ақпаратты жасырын беруге мүмкіндік беретін қауіпсіз және құпия ақпараттық арна.

Кез-келген қызметкердің, контрагенттің немесе Ауруханамен өзара іс-қимыл жасайтын өзге де тұлғалардың ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттері немесе әрекетсіздігі туралы ақпарат пайда болған немесе күдік болған кезде бұл туралы COMPLAENС-офицерге хабарлау қажет.

Алайда, егер мұндай хабарлама қасақана жалған ниетпен жасалса (жала жабу немесе қандай да бір артықшылықтар немесе жауапкершіліктен жалтару мақсатында), мұндай қызметкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шаралар қолданылады.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Аурухананың басшылығы мен қызметкерлері, барлық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері атқаратын лауазымына карамастан осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауы міндетті.

Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ, өздеріне бағынысты, осы қағидаттар мен талаптарды бұзатын адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дербес жауапты болады.

Аурухананың қызметтік тергеу нәтижесінде, құқық қорғау органдарының немесе өзге де тұлғалардың бастамасы бойынша, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, нормативтік актілермен және еңбек шарттармен көзделген тәртіпте, осы Саясат талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар тәртіптік, әімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ


Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгергенде немесе Аурухананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатының тиімді ережелерінің жеткіліксіздігі анықталғанда, сондай-ақ өзге де жағдайларда ол қайта қаралуы және оған Аурухана басшысының бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Егер осы Саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелері қолданылады.




8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Аурухана осы Саясатты еркін қолжетімділікте өзінің интернет желісіндегі ресми сайтында орналастырып, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық мәлімдейді, барлық қызметкерлерінің, контрагенттердің және өзге де үшінші тұлғалардың осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауын құптайды және көтермелейді.

Өзірлеген:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Комплаенс-офицер	Каримкулова А.З.	05.01.2026	

Келісілді:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Бас дәрігердің ішкі аудит жөніндегі орынбасары	Усенов Г.К.	05.01.2026	
Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары	Темірбеков Ф.К.	05.01.2026	
Бас есепші	Тажибаева Б.С.	05.01.2026	
Мамандар бөлімінің басшысы	Адамбек С.А.	05.01.26	